



Мектепке дейінгі ұйымдар, мектепалды сыныптар және бастауыш мектеп педагогтерінің **IV республикалық форумы «Мектепке дейінгі және мектептегі білім сабақтастығы: тәжірибе шеберханасы»**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Павлодар облысы Білім беру басқармасының Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы сіздерді 2025 жылғы 03 желтоқсанда онлайн форматта Қазақстан Республикасы Павлодар қаласында өтетін мектепке дейінгі ұйымдар, мектепалды сыныптар және бастауыш мектеп педагогтерінің **«Мектепке дейінгі және мектептегі білім берудің сабақтастығы: тәжірибе шеберханасы»** атты **IV республикалық форумына** қатысуға шақырады (одан әрі – Форум).

Форумның мақсаты – мектепке дейінгі және бастауыш мектептің жұмысын сабақтастыру, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын жүзеге асыруда педагогтердің педагогикалық құзыреттілігін арттыру, балалардың балабақшадан мектепке ауысу кезінде сәтті бейімделуіне жағдай жасау, үздік педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату.

Форумның күн тәртібі секциялар, пікірталас алаңдарын, шеберлік сағаттар жұмыстарын жүргізуді көздейді.

Конференцияның негізгі бағыттары:

1. Балабақша - жайлылық пен даму аумағы (мектеп және балабақша басшылары, әдіскерлер мен меңгерушілер үшін).
2. Бастауыш мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кеңістігіндегі тиімді педагогикалық технологиялар (мектепалды топтардың (сыныптардың) педагогтері мен бастауыш мектеп мұғалімдері үшін), **(орыс тілінде)**.
3. Бастауыш мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кеңістігіндегі тиімді педагогикалық технологиялар (мектепалды топтардың (сыныптардың) педагогтері мен бастауыш мектеп мұғалімдері үшін), **(мемлекеттік тілде тілінде)**.
4. Инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі және мектептік білім беру ұйымдарының сабақтастығын қамтамасыз ету (мектепке дейінгі топтардың (сыныптардың) барлық педагогтері мен бастауыш мектеп мұғалімдері үшін).

Қатысуға Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қызметкерлері, Балаларды ерте дамыту институтының қызметкерлері, ЖОО ғалымдары, облыстық, қалалық/аудандық әдістемелік кабинеттердің

әдіскерлері, білім беру ұйымдарының басшылары, мектептердің, мектепке дейінгі ұйымдардың және мектепалды сыныптардың педагогтері шақырылады.

Форумның жұмыс тілдері: қазақ, орыс.

Форум жұмысының қорытындысы бойынша оның негізгі бағыттары балаларды мектепке дайындау және бейімдеу, әдістемелік-дидактикалық құралдардың, жұмыс дәптерлерінің электрондық жинағын шығару жоспарлануда. Материалдарды жариялау – *тегін*.

Халықаралық ғылыми-практикалық форумға қатысу үшін өтінімді толтырып, баяндамаңыздың электрондық нұсқасын 2025 жылдың 20 қарашасына дейін Павлодар облысы Білім беру басқармасының «Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының» **bbdio@mail.ru** электрондық поштасына жіберуіңіз қажет.

Ұйымдастыру комитеті конференция тақырыбына немесе рәсімдеу талаптарына сай келмейтін мақалалар мен баяндамаларды қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

Баяндама рәсімдеу талаптары:

1. Баяндамалар электрондық нұсқада тапсырылуы тиіс. Файл атауында автордың тегі мен аты-жөнінің инициалдары және секция нөмірі көрсетілуі қажет (мысалы: Ахметова М.Н., секция 1). Баяндаманың мәтіні MS WORD редакторында терілуі керек және көлемі 6 беттен аспауы тиіс. Жалпы көлемге иллюстрациялар, суреттер мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі де кіреді.

2. Қаріп: Times New Roman; Кегль: 12; Жоларалық интервал: бір қатарлы; Шеттері: сол жағы – 3 см, оң жағы – 1 см, жоғары және төменгі жағы – 2 см; Абзац шегінісі: 1,25 см.

3. Беттің жоғарғы бөлігінде барлық әріптері бас әріппен, жартылай қалың қаріппен және ортаға тураланып баяндама атауы жазылады. Одан кейін бір жол қалдырып, жартылай қалың қаріппен, кіші әріптермен – автордың аты-жөнінің инициалдары, тегі және жұмыс орны көрсетіледі. Содан кейін бір жол қалдырып, баяндаманың мәтіні жазылады.

4. Мәтін ішінде пайдаланылған әдебиеттерге төртбұрышты жақшада сілтемелер беріледі, ал әдебиеттер тізімі мақала соңында жазылады.

Талаптарға сай келмейтін немесе ұйымдастыру комитетіне белгіленген мерзімнен кеш тапсырылған баяндамалар конференция материалдарына енгізілмейді.

Баяндаманы рәсімдеу үлгісі:

СЕКЦИЯ (12 пт.)

Сәтті табыс. (12 пт.)

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан (12 пт.)
@e.mail

Андатпа. (үш тілде)

Түйінді сөздер: (*үш тілде*)

Баяндаманың негізгі мәтіні (12 пт.)

Әдебиеттер (12 пт.)

Өтінімді рәсімдеу үлгісі:

№	Аты-ж өні	Өңір	Жұмыс орны	Қызметі	Баяндаманың тақырыбы	Байланыс телефондары e-mail	Секция жинақ

Байланыс ақпараты:

Е- mail: **bbdio@mail.ru 8 (718) 2-66-02-40**

Жолдыбаева Нагима Назымбековна

Садыкова Майшат Госмановна

Мухтаева Жанар Акимжанова

Темиржанова Гульдана Казболатовна

Рахымжанова Кундуз Муратхановна